

## Сәбит БАЙЗАҚОВ, ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ.

Қылыштың қырында тұрғыны жарасады. Қынсыз қылыш орынсыз жұмсағып, жүзі мұқалады. Талант та сол секілді, алғаш жарк еткен күннен бастап қындан қалыңқа түсуі керек. Өскен орта жасаған мүмкіндікті сарқа пайдаланып, талабын, тәртібі мен еңбегін өзінің өмірлік шындығына айналдыруы қажет. Сонда ғана ол ағамас қылыштан жарқырайтын болады.

Бүгінгі күндері 70-ке толып, республикамызда мерейтойы кеннен аталып өтін жатқан Кенжеғали Әбенұлы өзін-өзі осындай шындырдан өткізген, өркез бабында жүретін көрнекті ғалым-педагог, жоғарғы мектеп пен ғылымның ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының және Пәкістан Ғылым академиясының академигі. Қазақстанның төрт бірдей жетекші оқу орындарының ректоры және ҚР ҰҒА Президенті қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасының үшінші және төртінші шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутатығына сайланды, оның Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болды. Қазір Мәжіліс депутаты ретінде оның Экология және табиғатты пайдалану комитетінде табысты қызмет істеп жүр.

К.Ә. Сағадиев Қостанай облысы, Жангелдин ауданының бұрынғы І- ауылында дүниеге келген. Балалық шағы тауқыметі көп соғыс жылдарына тура келгендіктен, өз қатарлары секілді ерге есейін, оқу-білімге талпыныс жасады, оны кейін өмірінің өзегі мен мәніне айналдырды.

Кенжеғали Әбенұлы алты балалы (үш ұл, үш қыз) отбасында өсті. Оның ата-анасы өмірдің өзі үйреткен, таңның атысы, күннің батысы бала-шаға қамын ойлаған қолхозшылар болатын. Әкесі Сағадиды Тыныштықбаев ферма менгерушісі қызметін атқарды. ауылға сыйлы азамат болған, 1950 жылы дүниеге салды. Әбен Сағадидың енші алмаған немере ағасы екен. Кенжеғалидың бала кезінде бәрі бір отбасында өскен. Сондықтан ол әкесі жағынан Әбенұлы болып жазылған. Кенжеғали Әбенұлының шешесі — Қаламқас Сардарбекқызы ұзақ жылдар қолхоз жұмысында болған, балаларының бәрін аяғына тұрғызып, қиындығы мен қызығы мол ұзақ өмірін солардың қасында өткізіп, 1985 жылы дүниеден озған.

К.Ә. Сағадиевтің жас кезіндегі білімге талпынысы сәтпі болды. Ол Жангелдин және Семіозер (Әулиеқөл) аудандарының мектептерінде оқып, 1955 жылы онжылдықты күміс медальмен аяқтады. Сол жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) оқуға түсіп, ондағы жастар ұйымының белсенді мүшесі болды, ғылыми зерттеулерге араласты. Алматыда, Самарқандта, басқа да қалаларда өткен ғылыми конференцияларда мазмұнды баяндамалар жасады, үздік оқуы үшін Сталин (кейін Ленин) атындағы стипендияның иегері болды, университетті өнеркәсіп экономикасы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Осындай жас маман алғаш қол жеткізген жетістіктер оның үміт-арманын алға жетелеп, ғылыми-педагогикалық ізденістерге бет бұруына мүмкіндік берді.

Кенжеғали Әбенұлының зерттеушілік қабілеті Мәскеу ғылыми орталықтарында сыналып, шынықты. Оның алғашқы ғылыми жұмыстары материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырудың келелі мәселелеріне байланысты болды. Ол осы бағытта өнімді ізденістер жасап, өндіріс құралдарының айналу заңдылықтарын ашты. КСРО-да бірінші болып осы саланың тиімділігін анықтайтын өлшемдерді тандау әдісін негіздеп, пайдалануға ұсынды. Республикада материалдық-техникалық жабдықтауды аумақтық ұйымдастыруды және өндіріс құралдарын көтерме сауда арқылы таратуды жетілдірудің ғылыми негізін қалады. Осы ізденістерінің негізінде кандидаттық, докторлық диссертацияларын табысты қорғады. Отыз тоғыз жасында экономика ғылымдарының докторы, ал қырық жасында профессор атағын алды. Бұл сол жылдары бүкіл Одақ көлемінде экономист-ғалымдардың арасында сирек кездесетін өзгеше оқиға болып есептелді.

Кенжеғали материалдық-техникалық жабдықтау мәселелерін зерттеу бағытының Одақ-

# ТАҒЫЛЫМДЫ

## АКАДЕМИК КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ

тық көшбасшысына айналды. Осы мамандық бойынша жоғары оқимді кадрлер тәрбиелеудің, аспирантура мен кафедра ашудың басы-қасында болды. Озінің ғылыми мектебін ашты.

Кенжеғали Әбенұлы өзі көп жыл зерттеген саланың өндіріс және тұтыну жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіндегі рөліне көз жеткізіп, қазіргі кезде елімізде әлеуметтік бағытта дамып келе жатқан нарықтық экономикаға жеткізетін көпір екенін анық сезді.

Осыған байланысты К.Ә. Сағадиевтің зерттеулері жалпы экономикалық сипат алып, оның негізгі

*Кенжекең — асыл бұйым — Аға ұрпақтың ықпалы өкілдерінің аялы алақанынан қамқорлық көрген, боздан дәрсі алып, тіпті кейбіреуімен дәмдес те болған ізбасары, екі дәуірдің ортасындағы алтын көпірдің бір асыл дәнегі.*

*Қуаныш СУЛТАНОВ, сенат депутаты.*

б а - ғыттарындағы ізденістермен толықты. Ол агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық механизмдерін жетілдіру, ұлттық валюта енгізу және оны тұрақтандыру, шетелдік инвестицияларды тарту мәселелеріне арналған ұсыныстар жасады.

Кейінірек Қазақстандағы экономикалық реформаларды жақсартуға арналған жұмыстарын кеңейте де, күшейте түсті. Мысалы, ол алғашқылардың бірі болып кластерлік дамудың тиімділігіне назар аударды, республикамыз үшін Дүниежүзілік сауда ұйымына кірудің жағымды жағымсыз жақтары туралы баспасөзде сараптама жасады. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің факторларын, оның ғылыми-техникалық, әлеуметтік, тіпті адамгершілік жақтарын зерттеуге отызға жақын жұмыстарын арнады.

К.Ә. Сағадиев ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде еліміздің бюджет жүйесін өркендету және оның тұрақтылығын дамыту мақсатында көп еңбек етті. Оның ұсынысы бойынша экономика салаларының бюджет жобалары бөлек қаралатын болды. Бұл жол бюджет бағдарламалары бойынша әкімдіктерге бөлінетін қаржы-бюджет ресурстарын жете де дәл зерттеуге мүмкіндік берді. Сондықтан осы тәжірибе 4-ші шақырылған Парламент Мәжілісінің жұмыс әдісіне де енді.

Оның экономикадағы голландтық сырқат, бәсекелестікке кері әсер ететін себептер, республиканың салық саясаты, салық мөлшерін жеңілдету, қор нарығы, рейдерлікке қарсы тұру туралы зерттеулері мен ұсыныстары да өте құнды. Академик К.Ә. Сағадиевтің «Қазақстандағы реформалар: талдамалық көзқарас» атты төрт кітаптан тұратын еңбегі осы бағыттағы күрделі үрдістердің жоғарғы мәнді ғылыми хроникасы, әрі олардың жетістігі мен кемшіліктерінің шын бейнесі секілді. Автордың онда жазған келелі ұсыныстары мен кеңестері өз мәнін болашақта да жоғалтпайды.

Кенжеғали Әбенұлының қызметінде ғылыми-ұйымдастыру жұмысы да ерекше орын алады. Оның бұл бағыттағы қабілетінің қалыптасып, дами түсуіне Алматы халық шаруашылығы институтындағы атқарған жұмыстары көп әсер етті. Ол осы жоғары оқу орнын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болды, оның қалыпта-

суы мен өркендеуіне ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметінің жиырма жылын арнады.

Кенжекеннің АХШИ-де жетекшілік қызметтерде бойына сіңірген тәжірибесі мен ұйымдастырушылық таланты оның Целиноград ауылшаруашылығы институтының (қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті) ректоры қызметіне тағайындалуына негіз болды. Ол осы қызметті сегіз жыл мінсіз атқарып, институт ұжымының есінде өшпес із қалдырды. Өзінің қажырлы ісі мен жемісті еңбегінің, биік парасаты мен эрудициясының, нәтижелі қоғамдық жұмысының арқасында тек Ақмола өңірінің ғана емес, бүкіл елдің көрнекті азаматына айналды.

Оны 1989 жылы республиканың ғылыми қауымдастығы ҚазКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі етіп сайлап, 1990 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Президиумының Бас ғылыми хатшысы қызметіне шақырды.

Мен Кенжеғали Әбенұлы осы кезде көріп, тани бастадым. Ол уақытта Кенжекең Қазақстан ғылымы мен ғылыми-техникалық саясаты туралы занның жобасын жасаушы жұмыс тобын басқарып жүрген, ал біз Қазақ ауылшаруашылық ғылым академиясы (ҚАЗАШҒА) президиумының ағынан оған өз ұсыныстарымызды беруіміз керек болатын. Шамасы 1992 жылдың соңы, не 1993 жылдың басы болуы керек. Осы академияның вице-президенті, академик З.К. Көжебеков екеуіміз Жоғарғы Кеңесте осы заң туралы өтетін бір отырысқа қатынастық. Жиналғандар 10-12 адамнан аспайды. Әркім өз ойларын білдіріп, жазып әкелген ұсыныстарын өткізіп жатыр. Кезегім келгенде менде үш-төрт минут сөйлеп, «ғылым мен ғылыми-техникалық саясат туралы жеке-жеке заңдар болуы керек, ал олар туралы дайындалып жатқан заң едәуір жетілдіруді қажет етеді» дедім де, мысал ретінде оның кіріспесін өзгертуге байланысты ұсыныс жасадым. Жиналысты басқарып отырған кісіге мұның ұнамай қалды. Ол асығыс екенін, отырысты тез бітіргісі келетінін сездірді, ал оның қасында отырған Кенжеғали Әбенұлы сонғы ұсынысымды жазбаша түрде

қалдыруды сұрап, мен оны сол жерде дайындап, жиналыс тарағанша қолына тапсырдым.

Менің Кенжекеңмен алғашқы кездесуім осымен бітіп, екі жылдай үзілістен кейін қайта жалғасты.

Осы аралықта ол өзі оқып, тәрбие алған және көп жыл басшыларының бірі болған Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры қызметін атқарды. Онда экономикалық кадрлар даярлауға республика өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай түбегейлі бетбұрыс жасалды. Университетті басқарудың жана үлгісін ұсынып, ҚазМЭУ Қазақ мемлекеттік басқару академиясына айналды. Бұрынғы факультеттер оқу-ғылыми кешені болып өзгертілді, жана кафедралар ашылды. Оқу жоспары өзгертілді, оқытушылар құрамы қайта даярлаудан өтті. Ғылыми жұмыстар зерттеу институттары мен орталықтарын ашу арқылы едәуір күшейтілді. Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерден мамандар шақырылды, қажет оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер жазылуына жағдай жасалды. ҚазМБА-дағы К.А. Сағадиевтің орасан іс-әрекеті үлкен нәтиже берді. Оның қызметі жана сапалық деңгейге көтеріліп, Қазақстанның беделді жоғарғы оқу орындары-

ның біріне айналды. Онымен қатар университеттің ректорының да абыройы асқақтады. Оның реформаторлық қабілеті мен табысты ғылыми ізденістерін көпшілік мойындады.

Кенжеғали Әбенұлының осындай ауқымды ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі оны республика деңгейіне көтерді. Ол 1994 жылдың 2 ақпанында баламалы негізде ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, ал 14 ақпанда оның толық мүшесі (академигі) болып сайланды. Бұл шешімдер ҰҒА мүшелерінің Кенжекене деген үлкен сенімін көрсетіп, оның ғылым академиясына қайта оралып, өзі жоспарлаған істерін жалғастыруға, әрі қарай дамыта түсуіне мүмкіндік берді.

Өзім осы кезден бастап екі жерде жеті жылдай Кенжекеннің қарамағында қызмет істедім. Оған дейін Қазақ ауылшаруашылық ғылым академиясының Президентінің Бас ғылыми хатшысы болатынмын. Бір күні жұмыста отырғанымда телефон шылдыр ете қалды. Көтеріп жауап беріп едім, арғы жақтан: «Сағадиев — Сәбит қалқам, амансындар ма» — деп бұрыннан танитын адамдарша сәлемдесті де, сөзін жалғастырып: «Сен бізге келсей, жұмыс көп, көмектес» — деді. Мен сасып қалып, әргүрлі сылтаулар айтып көрдім. Аз-кем тындап, «Ойлас» — деп трубкасын қоя салды.

Әрі қобалжып, әрі таңғалып қалдым. Жақында ғана Ұлттық статус алған үлкен академияның президенті комекшілері арқылы қабылданып, шақыртыпай тура сөйлесіп тұр. Әрі ол атакты ғалымдар жиналған қазақ ғылымының қара шынырағы ғой. Іргелі ғылымдарды басқаруға араласуға менің мамандығым, өрем, жинаған тәжірибем жете ме деген сұрақтар мазаны алып, біраз жүрдім.

Осыдан кейін Кенжекең тағы да екі-үш рет тура телефон соқты. Енді әңгіменің жайі бітпейтінін сезіп, үй ішпен, Сайлау, Қоғабай, Фазылхандармен, бұрыннан ақылдас, келесіс болып жүрген қызметтес кісілермен сөйлесіп, іштей дайындала бастадым. Тіпті Ұлттық академияға қызметке бару көпке бұйырмаған қабылыс екенін анық сезсем де, Кенжекеннің сонғы бір хабарласқан кезінде тағы бір дәлел ретінде ҚазАШҒА президенті, академик Ғани Әлімұлы Калиевқа бірге істеуге берген уәдем бар еді, кетіп қалсам ренжиді ғой дегенді айттым. Оған Кенжеғали Әбенұлы: «Ғанимен өзім келсемін. Сені жақсы қызметке шақырсам, ол өз кадрларының өскеніне қуанбай ма» — деп сөзін тоқтатты.

Сонымен әңгіме менің 1994 жылы май айында ҚР ҰҒА-сының Бас ғылыми хатшысының міндетін атқарушы қызметіне ауысуыммен аяқталды және осы жұмысым екі жылға жақын созылды. Кенжекең айтқандай, жұмыс көп әрі күрделі болып шықты. Мен барлық қабілетімді салып қызмет істеуге тырыстым. Кенжеғали Әбенұлы жұмысымды, әсіресе құжат даярлауға байланысты ісімді екі-үш ай қадағалап, байқаған сон толық сенімді кетті. Ал мен ол кісінің ғылыми-ұйымдастыру жұмысындағы шексіз мүмкіндіктеріне, ауқымды істерге лайықты басшылық жасап, нәтиже ала алатындығына күн сайын көз жеткізе бастадым. Академия мүшелерінің Кенжекене деген сенімінің ішкі логикасын түсініп, оның академияға екінші рет оралуының негізінде ерекше іскерлігі мен терең білімі жатқанын анық сездім.

Шындығында да академик К.Ә. Сағадиевтің зор ғылыми деңгейі мен ұйымдастырушылық қабілеті ҚР ҰҒА президенті кезінде толық ашылды. Бұл қызметте ол өзінің негізгі мақсаты ретінде Қазақстанның ғылыми-техникалық егемендігі мәселесін қойып, ең алдымен осы мақсатқа қол жеткізу бағытындағы Ұлттық ғылым академиясының міндеттерін белгіледі, мемлекетіміздің тұрақты экономикалық дамуының басты негізі жана білім мен техникалық прогресс болуы тиіс деген идеяны дәйекті түрде ұстанды.

Өз пайымдауларында Кенжеғали Әбенұлы

# ТҮЛҒА

## 70 ЖАСТА

Іргелі ғылым — қоғамның, жалпы халық мәдениетінің бір бөлігі, ұлт өркениеттілігінің сенімді көрсеткіші, қоғам құрылымындағы, әлеуметтік прогрестегі, сондай-ақ техника, технология және өндірісті ұйымдастырудағы барлық ілгерілеу үрдістерін сезген халықтың көзі мен құлағы, ал оның денгейі — ұлттың әлемдік қоғамдастыққа кірігуі қабілеті, өркениетті халықтар қауымдастығына қосылу мүмкіндігі, ел ішінде дүние, табиғат пен болашаққа прогресшіл көзқарастардың қалыптасуының алғышарттары және сондай-ақ бұл үздік қолданбалы ғылыми-техникалық нәтижелер алудың негізі деген түбегейлі қағидаға сүйенді. Сонымен қатар ол заман талабын жақсы түсіне отырып, ҚР ҰҒА-ның ғылыми құрылымдарын түбегейлі қайта құру шараларын жүзеге асырды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылдың 9 ақпанындағы № 1556 «ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы» Жарлығына және ғылымды реформалау жөніндегі басқа да құжаттарға сәйкес академия құрылымдары мен академия мүшелерінің қызметін реттейтін жана нормативті материалдар дайындалып, қабылданды, іргелі және іргелі, қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары белгіленді. Ғылыми құрылымдардың қызметі, мамандар әлеуметі және материалдық-техникалық база тексеріліп, аттестацияланды. Іргелі зерттеулердің технологиялық бағдары және ҒЗИ ғылыми зерттеулерінің іс жүзінде қолдану бағыттары күшейтілді.

Күрделі ғылыми-техникалық мәселелерді мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен ҚР ҰҒА Президиумының бірлескен және кеңейтілген мәжілістерінде қарастыру тәжірибесі енгізілді.

Академия мен ғылыми бөлімшелердің жалпы жиналыстарында өздерінің қызметтері туралы жылдық есептерімен қатар ҚР ҰҒА-ның басшылары мен жетекші мүшелерінің өзекті мәселеге қатысты баяндамалары жиі тыңдалатын болды. Ғылыми кадрлардың басқа салаларға кетуін азайтуға, олардың диссертациялар қорғауын ынталандыруға, ҚР ҰҒА, ҒЗИ және ғылыми қызметкерлердің мәртебесі туралы заңдар мен қаулы жобаларын дайындауға, ғылыми қызметкерлердің зияткерлік меншігі мен оларды әлеуметтік қорғауға байланысты салмақты шаралар қабылданды.

Осындай шараларға қарамастан республикамыздың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі дағдарыстар іргелі ғылымның жай-күйіне мықты әсерін тигізді. Сол себепті 1994-1996жж. ҚР ҰҒА-да ғылыми-техникалық қызметкерлерге үш рет қысқарту жүргізіліп, зерттеулер ауқымы азайды. Кәсіпорындарда ғылыми нәтижелерге сұраныс көп төмендеп кетті. Бірақ осы қысқарту жұмыстары жариялы түрде өткізіліп, институттардың соңғы 5-15 жылдар аралығындағы зерттелген ғылыми тақырыптарын ұқыпты салыстырудың нәтижелерімен байланыстырылды. Және бұл жол академияның ғылыми кадрлары мен материалдық-техникалық базасының негізін ыдыраудан сақтап қалуға көмектесті.

Сол жылдары белгілі қиындықтарға қарамастан ҰҒА құрамында ғылымды дамытудың үздік бағыттары бойынша жана төрт ҒЗИ ұйымдастырылды. (Жалпы

генетика және цитология институты, Әлеуметтану және саясаттану институты, Фитохимия институты және Аймақтық экономика институты). Олардың бірі (Фитохимия институты) бүгінгі күні шет елдерде сұранысқа ие нәтижелі дәрілік препараттар жасап, халықаралық аренаға шығып отыр.

ҚР ҰҒА-ның директорлық құрамы айтарлықтай жасарып, жанданды. Президент ҒЗИ-дың бюджетке иек артушылық қалпын өзгертіп, олардың басшыларын шет елдермен қарым-қатынас жасауға, әр түрлі ғылыми қорлардың конкурстарына қатысуға, коммерциялық істерге белсене араласуға бағыттады.

1994-1996 жж. ҚР ҰҒА және оның Президиумы жалпы республикалық шараларды ұйымдастыру орталығына айналды.

Бірақ, Кенжеғали Әбенұлының біраз ойларын жүзеге асырудың сәп түспеді. Оның іске асыруға мүмкіндігі жетпеген бағдарламаларының ішінде қазақ халқының рухани және тарихи мұралары мен оның түп-тамырын зерттеу, «Көрнекті адамдар өмірі» бойынша тарихта белгілі жазушы, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы ғылыми-публицистикалық серия шығару, ҚР ҰҒА ҒЗИ-нің халықаралық қарым-қатынастарын нығайту және зерттеу жобаларын шегелі ғалымдарымен бірлесіп орындау, ғылыми ұйымдар мен қолданбалы тақырыптардың біразын бюджеттен тыс қаржыландыру мен зауыттық жағдайға көшіру, біртіндеп әр түрлі шетелдік гранттар мен келісімшарттар арқылы қаржыланып отырған ғылыми жұмыстардың санын көбейту сияқты жоспарлар болатын.

Басталған жұмыстарды дамытуға, әрі жана бағытта жұмыс істеуге тек қаржы тапшылығы ғана емес, субъективті себептер мен әрекеттер де кері әсерін тигізді. ҚР ҰҒА-сы айтыс-тарқтың нысанына айналды. Оны «кенестік анахронизм», «конституциядан тыс, әрі заңсыз мекеме» ретінде тарту туралы ұсыныстар етек алды.

К.Ә. Сағадиев осының бәріне ҚР ҰҒА президенті ретінде де, ғалым ретінде де, жай азамат ретінде де байқам қарай алмай, академиялық ғылымның ерекшеліктері мен мән-маңызы туралы өз пікірін республикалық ғылыми және мерзімдік баспасөз беттерінде жариялап отырды. «Ғылымсыз ғұмыр тұл», Қазақ үні, 1995, наурыз; «Академия науқ на перепутье», «Казахстанская правда» 1996, 24 қаңтар; «Нельзя растаскивать единый работающий организм, нельзя разбазаривать великое народное достояние», «Казахстанская правда», 1996, 24-25 қаңтар; ж.б.).

Әнпие



ҚР Ғылым Академиясы — Ғылым Министрлігі құрылуымен аяқталып, академик К.Ә. Сағадиев бұрынғы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік және Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институттарының негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры болып тағайындалды.

Бұлар бірінен соң бірі 1929 және 1930 жылдары ашылған, бай тарихы бар, дәстүрлері қалыптасқан жоғарғы оқу орындары болатын. Менің екіншісінде оқып, өскенімді, жиырма бес жылдай онда жұмыс істеп, декандық қызметтен кезінде ҚазАШҒА-сына ауысқанымды Кенжеғали Әбенұлы білетін. Сондықтан болар бір ай шамасы өткен соң «университетке кел, проректорлықтың біреуін таңда» — деп тағы шақырды. Өзім жақсы білетін жерге қуана ауысып, 1996 жылдың көкек айында жана университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректорының қызметіне кірісіп, Кенжекеннің қарамағында тағы бес жылдай бірге қызмет істедім. Бұл жолы ол кісінің жұмысын бұрынғыдан да жақынырақ жерден көріп-білуге мүмкіндік алдым.

Кенжеғали Әбенұлы бұл күрделі қызметін де ерекше байыппен, өзіне ғана тән шеберлікпен бастап жіберді. Қысқа мерзім ішінде бұрынғы факультеттердің негізінде ірі оқу-ғылыми-өндіріс кешендері ұйымдастырылып, сапалы мамандарды даярлау жолға қойылды. Олардың әлемдік ақпарат кеңістігіне шығуын қамтамасыз ету мақсатында республикада алғаш рет компьютерлік және тіл үйрету орталықтары, сондай-ақ гуманитарлық білім беру орталығы құрылды. Мамандықтар тізімі қайта қаралып, жанартылды. Олардың жалпы санының үштен бірі қысқарып, елімізде тапшы, жана бағыттағы биотехнология, агробиология, халықаралық аграрлық-экономикалық байланыс, аграрлық құқық, кедендік іс сияқты мамандық иелерін даярлау қолға алынды. Манызды оқу объектілері күрделі жөндеуден өткізіліп, материалдық база едәуір жөнге келтірілді.

Кенжеғали Әбенұлы қызметінің алғашқы күнінен бастап оқытушылардың біліктілігіне, студенттердің сапалы білім алуына қатаң талап қойды. Мамандарды оқыту мен даярлауды тексерудің рейтинг-тестік жүйесін енгізіп, шет тілдерін үйретуді, компьютерлік сауаттылықты күшейтуді, оқытушылардың жана аграрлық-экономикалық саясат бойынша білімін жетілдіруді ұйымдастырды.

Университет ұжымы алдына ғылым және оқыту үрдісін үндестіру және зерттеу қорытындыларын жана, әлемдік деңгейге шығару мәселесін қоя білді. Университеттің оқытушы-ғалымдарының ғылыми қызметі оның

талды.

Жана оқу орны әлемнің беллі жоғары оқу орындарымен, шетелдік қорлармен, басқа интеллектуалдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасай бастады.

Қорыта айтқанда университет оқыту мен ғылыми зерттеулер және басқа да негізгі бағыттары бойынша түпкілікті өзгерістерге ұшырады. Оның ұжымы өз басшысының сөзімен айтқанда «Жана, қазіргі заман талабына сай жоғары ауылшаруашылық білім берудің философиясын жобалап, қазақстандық қоғамның жанару үрдісінің белсенді құрылысшыларын, өз елінің тарихы мен мәдениетін, оның рухани негізін құрметтейтін ҚР азаматын, жалпы әлемдік адамгершілік бағамдарын ұстанушы болашақ ауыл зиялысын тәрбиелеуге бетбұрыс жасады». Ал академик К.Ә. Сағадиев осы екі жоғары мектептің оқу үрдісін жана арнаға салып, оның профессорлары мен оқытушылары қауымын ешқандай айғай-шусыз тұтас салмақты құрылымға айналдыра білді.

Осындай өзгерістердің нәтижесінде Қазмеагроуниверситетінің абыройы аспандап, 2001 жылы ҚР Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстанның бірқатар жоғарғы оқу орындары қатарында ұлттық мәртебеге ие болды.

Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебі тарихында бір адамның қатарынан республиканың 4 жоғары оқу орынын және ҚР Ұлттық ғылым академиясының басқаруы, сондай-ақ ҚР жоғарғы заң шығарушы органдарына 2 рет сайлануы сирек құбылыс. Мұның бәрі К.Ә. Сағадиевтің ғылыми-интеллектуалдық деңгейі мен жоғары біліктіліктің белгісі. Ол мұндай кемелдікке тынбай еңбек етуі, жүйелі ізденіс пен сирек табиғи талантының арқасында жетті.

Кенжеғали Әбенұлы жауапкершілік мол жоғарғы қызметте жүрсе де 14 ғылым докторын және 39 ғылым кандидатын дайындап 240-тан астам ғылыми еңбек, олардың ішінде 32 монография, кітаптар мен кітапшалар жазуға уақыт тапты.

Кенжекенді білетініме көп жылдар өтсе де, ол кісіні неге ертерек танып, араласа алмағанымын деген ой мені жиі мазалайды. Өйткені, Кенжеғали Әбенұлымен әр кездесу мен өткізілетін ағамыздың жана қырын танып түсіп, гират алуға жәрдем береді. Тағы қорсем деп келесі кездесуді сағынып жүресің.

К.А. Сағадиев кейінгі жастар түгіл, біздің қатарымызға да үлгі боларлық тағылымы мол азамат, биік тұлға, ғұлама ғалым, сөйлесе шешен, бастаса көсемдігі де кем емес шебер ұйымдастырушы. Бұл жай мерей тойға гана айғыла салатын жел сөз емес. Мен Кенжекеннің осы ерекшеліктерін, жоғарыда көрсеткендей, жақынан байқаған, көрген адаммын.

Кенжеғали Әбенұлы қызметте өзін де, өзгені де босансытпайды, қатаң талап қояды. Кімнің қандай іске икемі барын тез танып, адамдарды өз қабілетіне байланысты орналастырады. Жүздеген тіпті мыңдаған адамдарды бір мақсатты орындауға жұмылдыру оның үйреншікті қасиеті.

Кенжекеннің жүректілігі мен шешендігі де ерекше. Қандай да үлкен аудиторияларға тайсалмай кіреді. Мүдірмей сөйлейді. Бір сөзге қайта соқпайды. Сөйлеген сайын тыңдаушыны өзіне тарта түседі. Оның қатынасуымен өткен күнделікті отыратын шағын конференцияларға, ал ғылыми семинарлар үлкен форумдарға айналып кете барады.

Кенжеғали Әбенұлы жазуға да шебер. Маржандай ұсақ сөз тізбектерінің талай беттері бір түзетусіз компьютерге беріліп жатқанын талай көрді.

Әдебиетші болмаса да қазақ халқының біртуар азаматтары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұв, Халел Досмұханбетов, Қаныш Сәтбаев, Шахмардан Есенов, Евней Бүкетов, Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазиннің көркем портреттерін асыл сөзбен жасай білді. Ол Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв және Міржақып Дулатов сынды рухани күш иелерін өмірге әкелген қасиетті кен-байтақ қазақ даласының ұрпағы екенін ешқашан ұмытқан емес. Мұндайды даралық мінез деу орынды.

Кенжекен де Нағызтай жемгеміз де достық пен сыйластықты жоғары бағалайды, зиялы қауым мен ғалымдардың көптеген өкілдерімен жарасымды қарым-қатынас жасайды.

Менің байқауымша үй шаруасын, күнделікті ұсақ-түйек тұрмыстық немесе денсаулыққа байланысты мәселелерді сөз қылу Кенжеғали Әбенұлына жат қылық.

Осының бәрі академик К.Ә. Сағадиевтің сирек эрудициялы интеллект иесі, ерекше шындалудан өткен зияткер ғалым, халқымыздың кадрлар қорының сағ алтындай көрнекті мүшесі даланың дара дарынды тұлғасы екенінің дәлелі.

Кенжеғали Әбенұлы Аққола тұған. Ахия (Ахмет Байтұрсынұв) өмірге келген Сары-түбек пен Кенжекен дүние есігін ашқан Құмаралдың арасы үш шақырым жер — даланың бесік жақындығы деп осындай айтады. Бүгінде бұл өмір Торғайдың «Аққол» елді мекеніне қарайды. Орталығы — Ызбан!

Кенжекен, міне, осындай қазақтың киелі топырағында жаратылып, қалған ғұмыр-лария басталатын Торғай дауанында жалғастырды, Ыбырай Алтынсарин ашқан қазақ даласындағы алғашқы мектептердің бірінде оқып, дәріс ады. Атақты Нұрхан Ахмет-беков:

Карт Мұрат бүгін алып бір тізесін,  
Жосылтып сөйлеуші еді сөз жүйесін.  
Бір топта тамашалырып айтты өтті,  
Бағыт Карға үлкен өкімісін, — деп жырға қосқан, жосылтып сөйлегенде қара сөздің майып тамызатын бір әкесі Өлімбет атадан тарайтын айтулы Мұрат шешеннің тізесінде құйма құлақ боп өсті. Бертін Ахия ұстаздық еткен Әулиеқол мектебін тамашадап, Алматы-да жоғары білім алды. Кенжекеннің бұдан кейінгі өмірі — ізденіс жолы, білімнің қия шығына тылымның сара жолына түскен жол. Бүгіндері ол ғұлама ғалым, білімнің қия шығына шыққан академик, мемлекет және қоғам қайраткері, халық қалаулысы депутат. Кенжекеннің ерекше қасиеті — ұлағатты жан, жақсы кісі, мінзеге бай қазақ. Ол үйде де, түзде де, қызметте де, жол сапарларда да, тіпті аңға шыққанда да бөтендей кісіміздігі жоқ бірқалыпты адам.

Қоғабай СӨРСЕКЕЕВ,  
жазушы.